

## 2024 ж. халықаралық ынтымақтастық

2024 жылы халықаралық және Қазақстан Республикасының инсульт қызметі мамандарының қатысуымен «Инсульт мектебі – 2024» ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Конференция барысында инсультті диагностикалау, емдеу және оңалтудың маңызды мәселелері, Қазақстандағы инсульт қызметінің жағдайы және емдеудің жаңа инновациялық әдістері талқыланды. Іс-шара аясында Angels Initiative ұйымы қатысушыларға жедел жәрдем көрсету дағдыларын жақсартуға мүмкіндік беретін «Инсульт кезінде жедел жәрдем көрсету туралы интерактивті Workshop» мастер-классын өткізді.

